

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02</p>
--	---	---

БЕКІТЕМІН
М. Әуезов атындағы ОҚУ
Басқарма төрағасы - Ректор
Д. Қажамжарова
«09» 08 2022 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

**М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР
ҚҰРАМЫНЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ ОҚУДАН ТЫС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022

Тіркеу № 112
Көшірме № _____

<p>Өзірленген: АМЖД директоры <u>А. Наукенова</u> «<u>27</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p> <p>Білім беру бағдарламаларының менеджменті орталығының басшысы <u>Г. Адырбекова</u> «<u>27</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p> <p>Оқу үрдісін жоспарлау бөлімінің жетекшісі <u>А. Беккулиева</u> «<u>27</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p> <p>Оқу үрдісін жоспарлау бөлімінің бас маманы <u>Г. Бекболатов</u> «<u>27</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p>	<p>Келісілді: Бірінші проректор <u>К. Нурманбетов</u> «<u>30</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p> <p>Сапа бойынша басшылықтың өкілі <u>А. Искакова</u> «<u>30</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p> <p>Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректоры <u>Р. Абишева</u> «<u>30</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p> <p>СЖжәнеСМО басшысы <u>С. Жунусбекова</u> «<u>30</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p> <p>Заң бөлімі басшысы <u>А. Сартаев</u> «<u>30</u>» <u>08</u> 202<u>2</u> ж.</p>	<p>Енгізілді: № <u>Бұйрық 164-ИҚ</u> Енгізілген мерзімі «<u>5</u>» <u>09</u> 202<u>2</u> ж.</p>
---	--	---

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 2-сі</p>
--	--	--

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Белгілеулер мен қысқартулар	4
5 Жауапкершілік және өкілеттілік	4
6 Процесс сипаттамасы	5
7 Тәуекелді басқару	12
А қосымшасы «М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор-оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы» ережесінің алгоритмдік сызбасы	13
Б қосымшасы Өзгерістер енгізу парағы	14

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор-оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 3-сі</p>
--	---	--

1 Қолданылу саласы

1.1 Университеттің осы ережесі (Е) «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы (әрі қарай ОҚУ) педагогикалық жүктеменің түрлерін, оқу және оқудан тыс жұмыс түрлері бойынша уақыт мөлшерлерін есептеу, профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібін айқындайды.

1.2 Университеттің осы ережесі (Е) лауазымдық тұлғалар мен қызметкерлер үшін міндетті басшылыққа алатын құжаты болып табылады және ОҚУ сапа менеджменті жүйесі құжаттарының құрамына кіреді.

1.3 Е авторлық құқыққа ие нысан болып табылады және оны Басқарма төрағасы - ректордың рұқсатынсыз басқа мекемелерге беруге рұқсат етілмейді.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Е-де келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР СТ ИСО 9000:2017 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.

ҚР СТ ИСО 9001:2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30-қазанындағы №595 бұйрығы.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20-сәуірдегі №152 бұйрығы.

ҚР МЖМБС Жоғары білім. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2022 жылғы 22-шілдедегі № 2 бұйрығы.

ҚР МЖМБС Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. – ҚР Білім және ғылым Министрінің 2022 жылғы 22-шілдедегі № 2 бұйрығы.

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі. – ҚР Білім және ғылым Министрінің 2021 жылғы 14-шілдедегі №339 бұйрығы.

Ұлттық біліктілік шеңбері. – Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген.

Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – ҚР Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №123 бұйрығы.

СМЖ ОҚМУ ПР 4.01-2021 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Құжаттарды басқару.

СМЖ ОҚМУ ПР 4.02-2021 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Ұйымдастырушылық құжаттарды басқару.

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 4-сі</p>
--	--	--

СМЖ ОҚМУ ПР 8.02-2021 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Түзету және ескерту әрекеттері.

СМЖ ОҚМУ ПР 7.02-2021 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Оқу-ұйымдастыру процесін басқару.

3 Терминдер мен анықтамалар

Е-де ҚР СТ ИСО 9000:2017, ҚР МЖМБС Жоғары білім және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4 Белгілеулер мен қысқартулар

Е-де келесі қысқартулар қолданылады:

Е – ереже;

МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

СБӨ – сапа бойынша басшылықтың өкілі;

АқМЖД – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;

ОӘӘ – оқу-әдістемелік әдебиеттер;

БББ – білім беру бағдарламасы;

ОБӨЖ – оқытушының басшылығымен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы;

БӨЖ – білім алушылардың өзіндік жұмысы;

ОЖ – оқу жоспары;

ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары;

ЖООКББИ – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты;

ЖМ – жоғары мектеп;

ҚББТ – қашықтықтан білім беру технологиялары.

5 Жауапкершілік және өкілеттілік

5.1 Е-ні ОҚУ Басқарма төрағасы - ректоры бекітеді.

5.2 Ережені ендіру және басқару жауапкершілігі СБӨ жүктеледі.

5.3 Осы ереженің ҚР СТ ИСО 9001:2016 талаптарына сәйкес рәсімдеу, бекіту және ендіру жауапкершілігі СБӨ жүктеледі.

5.4 Құрылымдарда ереженің нақты кезеңдерін ұйымдастыру мен оларды жүзеге асыруға және соңғы нәтижелердің сапасына нақты кезеңді жүзеге асыруға қатысушы болып табылатын құрылым басшылары жауапты.

5.5 Құрылымда болатын СМЖ құжаттарының сақталуына, рұқсатсыз көшірме жасалуына және қызметтік ақпараттың тарауына жол бермеуге құрылым басшылары жауапты.

5.6 Осы Е-де ОПҚ оқу жіне оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау бойынша ОҚМУ ПР 4.01-2020 сәйкестігін басқаруға АқМЖД директоры жауапты.

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор-оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 5-сі</p>
--	---	--

5.7 Е-де көрсетілген талаптарды ендіру жауапкершілігі сапа бойынша басшылық өкіліне (СБӨ), АкМЖД директорына, факультеттер/ЖМ декандарына жүктеледі.

5.10 Е-де өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгілеу арқылы АкМЖД директоры енгізеді (**Б қосымшасы**).

6 Процестің сипаттамасы

«М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор-оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы» Е-нің іс-әрекет алгоритмі **А Қосымшада** келтірілген.

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Оқу-педагогикалық жүктеме академиялық сағаттармен есептеледі.

6.1.2 ОПҚ жылдық оқу жүктемесі жұмыс уақытының жылдық мөлшері негізінде анықталады және Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Басқарма төрағасы - ректоры бекітеді.

6.1.3 Концертмейстер мен иллюстраторлардың жылдық оқу жүктемесі 820 сағатты құрайды.

6.1.4 ОҚУ-да келесі оқу жұмыстары - аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыс түрлері қарастырылады. Аудиториялық жұмыстар:

- дәрістер;
- практикалық сабақтар (семинарлар);
- студиялық сабақтар;
- жеке сабақтар;
- зертханалық жұмыстары;
- тренинг;
- білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (БАОӨЖ);
- курстық жобалау (жұмыс).

Аудиториядан тыс жұмыстар:

- кәсіптік практика (оқу, оқу-таныстыру, педагогикалық, археологиялық, далалық, өндірістік, зерттеу, диплом алдындағы және тағы басқалар);
- дипломдық жобалау (жұмыс);
- ғылыми және педагогикалық магистратура үшін - магистрлік диссертацияның орындалуымен бірге ғылыми-зерттеу жұмысы;
- бейіндік магистратура үшін - магистрлік диссертацияның орындалуымен бірге эксперименталды-зерттеу жұмысы;
- докторлық диссертацияны орындаумен бірге ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмыс;
- оқу-әдістемелік әдебиеттерін (ОӘӘ) дайындау;
- әкімшілік жұмыстар.

6.1.5 Педагогикалық жүктеме аудиториялық (соның ішінде, ҚББТ қолдана отырып) және аудиториядан тыс деп бөлінеді. Оқу жұмыстарының

Қазақстан Республикасы ҒЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ	Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже	СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 6-сі
---	--	---

аудиториялық түрлеріне сабақ кестесі бойынша оқытушының білім алушымен тікелей қарым-қатынастық жұмыс істеу уақыты жатады.

6.1.6 Өзіндік жұмыс екі түрге бөлінеді: оқытушы жетекшілігімен орындалатын (БАОӨЖ) және білім алушының өзі орындайтын өзіндік жұмысы (БАӨЖ). БАОӨЖ аудиториялық жұмыс түрі болып табылады және жалпы оқу кестесіне кірмейді, бөлек график бойынша жүргізіледі. БАОӨЖ кезінде оқу бағдарламасындағы анағұрлым қиын сұрақтар бойынша кеңес жүргізіледі, үй тапсырмалары курстық жобалар (жұмыстар) семестрлік бақылау жұмыстары, есептер және басқа да БАӨЖ тапсырмалары орындалады, сондай-ақ «On-Line» режимде орындалады.

6.1.7 Педагогикалық жүктеменің көлемінің есебі бакалавриат, магистратура, докторантура (PhD) мамандықтарының білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарларының, білім алушылар контингентінің негізінде жүргізіледі.

6.1.8 Педагогикалық жүктеменің үлестірілуі қоғамдық жұмыстарды орындаумен, жеке оқытылатын топтардың болуын, іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуын және т.б. ескере отырып орындалады.

6.1.9 Кафедра оқытушыларының педагогикалық жүктемесін бөлудің кез келген өзгеруі оны жалпы кафедралық жүктеме шеңберінде қайта бөлу есебінен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

6.1.10 Кафедраның штаттағы оқытушылары жетіспеген жағдайда жоспарланған педагогикалық жүктемесінің көлемін орындау сыртқы қосымша жұмыс негізінде жоғары білікті мамандарды тарту жолымен жүзеге асырылады.

6.1.11 Университетте сағаттық жүктемемен ақы төленетін оқу жүктемесі болған жағдайда кафедра меңгерушісі жүктемені орындауға сағаттық жүктемеге сырттан оқытушыларды тарта алады.

6.1.12 Оқытушылардың педагогикалық жүктемесіндегі аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарының ұсынылатын қатынасы 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 - Оқытушының аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарының ұсынылатын қатынасы

Профессор-оқытушылар құрамы	Аудиториялық жұмыс, артық емес	Аудиториядан тыс жұмыстар, артық емес
Ғылым докторлары	50-60 %	40-50 %
Ғылым кандидаттары	55-65 %	35-45 %
Аға оқытушылар	60-70 %	30-40 %
Оқытушылар	75-85 %	15-25 %

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 7-сі</p>
--	--	--

6.2 Академиялық ағындарды (топтарды) қалыптастыру

6.2.1 Дәріс сағаттары барлық оқытылатын курсты қамтитын лекке есептеледі (лекте офлайн оқыту жағдайында 70 студентке дейін, ал онлайн оқыту кезінде – 100 студентке дейін, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларға – 45-ке дейін). Курсты лектерге бөлу тек әртүрлі оқу бағдарламалары кезінде немесе лектегі студенттер саны офлайн режимде 70 студенттен (45 магистранттан) асқанда ғана рұқсат етіледі.

6.2.2 Академиялық ағындар мамандықтар/БББ, тілдік бөлімдер бойынша қалыптастырылады. Мамандықтар/БББ бойынша академиялық топтарға бөлу үшін барлық оқу түрлері үшін (дуальды білім беру жүйесі бойынша білім алушылардан басқа) әрбір топта 30 студенттен (егер студенттердің 50% онлайн режимде оқитын болса, 50 студенттен), ал магистратурада – 6, докторантурада – 4 адамнан артқанда ғана рұқсат етіледі.

6.2.3 Ағылшын тілдерінде оқитын арнайы топтарды құру кезінде студенттердің саны 8 білім алушыдан (Ғылыми кеңестің шешімі бойынша, хаттама №10, 02.03.2013ж.), үш тілде оқитын топтарда 10 студенттен кем болмауы тиіс. Ағылшын тілінде сабақ жүргізетін ПОҚ штатын есептеу кезінде оқу жүктемесі 2 есе (1:2) азайтылады.

6.2.4 Тілдік пәндер, «Сызба геометриясы және инженерлік графика» пәндері бойынша практикалық сабақтарда, сондай-ақ зертханалық және студиялық сабақтарда толымдылығы 24 адамнан асса, онда топ екі кіші топтарға бөлінеді.

6.2.5 Тренинг сабақтары толымдығы 6 адамнан кем емес кіші топтарға бөлінеді.

6.2.6 Шығармашылық мамандықтар бойынша жеке сабақтар әр студентке жоспарланады.

6.3 Дәріс оқушыларға, дипломдық жұмыстардың (жобалардың), магистрлік диссертациялардың (жобалардың), докторлық диссертациялардың жетекшілеріне қойылатын талаптар

6.3.1 Дәрістерді оқуға ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылымдар бойынша магистр академиялық дәрежесі бар оқытушы қызметінде үш жылдан жоғары еңбек өтілі бар немесе кәсіби мамандығы бойынша еңбек өтілі бес жылдан жоғары болатын аға оқытушылар жіберіледі. Сондай-ақ, дәрістерді оқуға және (немесе) басқа оқу сабақтарының түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, еңбегі сіңген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылады.

6.3.2 Бакалаврларға дипломдық жұмыстарға (жобаларға) басшылық етуді бейіні бойынша оқытушылар және (немесе) жұмыс өтілі кемінде 5 жыл Ұлттық

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 8-сі</p>
--	--	--

біліктілік шеңберінің 7-деңгейіне және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейіне сәйкес келетін мамандар жүзеге асырады. Әдетте, 1,0 штаттық бірлік жүктемеде жұмыс істейтін бір ОПК 8 дипломдық жұмыстарға (жобаларға) жетекшілік жасауға рұқсат беріледі.

6.3.3 Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, ғылыми–педагогикалық өтілі кем дегенде 3 жыл, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) енгізілген басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы JCR (ЖСР) базасында импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded немесе Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының біреуінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

Бейінді бағыт бойынша магистранттар үшін ғылыми жетекшілікке Ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін, кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар мамандарды тартуға жол беріледі.

6.3.4 Докторлық диссертацияларға ғылыми жетекшілік етуді кемінде 2 адамнан тұратын кеңесшілер жүзеге асырады, олардың бірі шетелдік жоғарғы оқу орнында жұмыс істейтін, «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл болатын және:

- 8D05 «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», 8D06 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», 8D07 «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», 8D08 «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» кадрлар даярлау бағыттары бойынша Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасында JCR (ЖСР) деректері бойынша 1, 2, 3-квартильдерге кіретін немесе Scopus (Скопус) базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала, немесе Хирш индексі 2 және одан көп;

- даярлаудың қалған бағыттары бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген, бейін бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақалалардың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ	Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже	СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 9-сі
--	--	---

Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушы жүзеге асырады.

6.4 Оқу және оқудан тыс жұмыс көлемін анықтауға арналған уақыт мөлшерлері

6.4.1 Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

6.4.2 Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау кредиттердің бірыңғай көлемімен жүзеге асырылады, яғни әрбір пәнге кредиттердің жалпы саны оны зерделеуді де, дайындауды да, осы пән бойынша аралық аттестаттау формаларынан өтуді де қамтиды.

6.4.3 Жеке сабақтардың оқу жүктемесі 1 студентке жоспарланады.

6.4.4 Дене шынықтыру сабақтарын өткізу кезінде 1 кредит 30 байланыс сағатына тең.

6.4.5 ОҚУ ОПҚ оқу сабақтарының кестесінен тыс орындайтын оқу жұмыстарының көлемін анықтау үшін уақыт мөлшерлері 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – Оқу сабақтарының кестесінен тыс орындайтын оқу жұмыстарының көлемін анықтау үшін уақыт мөлшерлері

№ р/с	Жұмыс түрлері	Оқудан тыс жүктемені есептеу үшін уақыт мөлшері	Ескерту
1	2	3	4
Курстық және дипломдық жобаларға (жұмыстарға), магистрлік, докторлық диссертацияларға жетекшілік жасау, рецензиялау, кеңестер беру және қорытынды аттестация, ОӘД дайындау			
1	БАОӨЖ	Пәннің кредит санына байланысты	1) Барлық оқытылатын курсты қамтитын лекке есептеледі (лекке 70 студентке дейін, ҚБТ қолданғанда 100 студентке дейін, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларға – сәйкес 45 және 100-ге дейін) 2) Шығармашылық мамандықтар бойынша тренинг, жеке сабақтарға БАОӨЖ қарастырылмайды

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 10-сі</p>
--	--	---

2	Курстық жұмысты (жобаны) қорғауға	Бір студентке 0,25 сағат	Оқытудың барлық түрі үшін, соның ішінде «On-Line» режимде қабылдауға
3	Оқулықтар, оқу құралдарын және монографиялар дайындау	125 ÷ 350 сағат	1 б.т. – 25 сағат
4	Дипломдық жобаларға (жұмыстарға) жетекшілік жасау, рецензиялау, кеңестер беру және аттестациялық комиссия (АК) жұмысына қатысу	Бір студентке: 1) жетекшілік жүргізу және кеңес беруге – 30 сағат ; 2) АК мүшелеріне - 0,5 сағат	Дипломдық жұмыстың (жобаның) орнына келесі санаттағы тұлғалар екі кешенді емтихан тапсырады: 1) ауысу GPA балы 3,0-тен кем күндізгі оқу бөлімінің студенттері; 2) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ емделіп жатқан студенттер; 2) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттер, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедектер; 3) жүкті немесе 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуші студенттер; 4) кешкі және қашықтықтан оқытудың барлық студенттері.
5	Магистрлік диссертацияларға жетекшілік жасау, рецензиялау, кеңестер беру және аттестациялық комиссия (АК) жұмысына қатысу	Бір магистрантқа: 1) ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасау және кеңес беруге – 40 сағат (1 оқу жылына); 2) АК мүшелеріне - 0,5 сағат	
6	Докторлық диссертацияларға жетекшілік жасау, рецензиялау, кеңестер беру	Бір докторантқа ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасау және кеңес беруге – 60 сағат (1 оқу жылына)	

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ	Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже	СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 11-сі
--	--	--

Кәсіби іс-тәжірибе			
7	Оқу (барлық түрі), педагогикалық, өндірістік (барлық түрі) іс-тәжірибе есебін қабылдау және бақылау түрлері бойынша жетекшілік жүргізу	Бакалавриат үшін: - педагогикалық іс-тәжірибе: 1 сағ* [апта саны] * [БА саны] -басқа іс-тәжірибе түрлері: 0,5сағ* [апта саны] * [БА саны] Магистратура мен докторантура үшін: - педагогикалық іс-тәжірибе: 1 сағ* [апта саны] * [БА саны] -басқа іс-тәжірибе түрлері: 0,5сағ* [апта саны] * [БА саны]	«Заманауи педагогика және психология» кафедрасы оқытушыларына педагогикалық мамандықтардың 1 курс студенттері үшін педагогикалық іс-тәжірибеге жетекшілік жүргізу, ал «Психология және арнайы педагогика» кафедра оқытушыларына 2-курстағы психолого-педагогикалық іс-тәжірибеге жетекшілік жүргізу жүктеледі.
8	Педагогикалық тәжірибені психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу (3-4 курстарда)	Әрбір студентке аптасына - 0,1 сағат	«Заманауи педагогика және психология» және «Психология және арнайы педагогика» кафедралары үшін
Әкімшілік жұмысы			
10	Факультет/ЖМ деканы, ЖООКББИ директоры, Инновациялық білім беру технолоиялары институты директоры	250 сағат	
11	Кафедраны басқару	100 сағат	
12	Факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары	150 сағат	
13	Эдвайзер: - бакалавриат - магистратура - докторантура	75 сағат 75 сағат 30 сағат	

6.5 «Оқу жүктемесінің көлемі» және «Оқытушы-профессорлар құрамының оқу жүктемесінің үлестірілуін» келісу және бекіту

6.5.1 «Ф.7.02-22. Оқу жүктемесінің көлемі туралы мәлімет» және «Ф.7.02-23. Оқытушы-профессорлар құрамының оқу жүктемесінің үлестірілуі» университеттегі «СМЖ ОҚУ ПР 7.02-2021 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Оқу-ұйымдастыру процестерін басқару» талаптарына сәйкес жасалады, кафедра меңгерушісі қол қояды және белгіленген уақыт мөлшерлерінің сақталуына және кафедра оқытушылары арасында жүктеменің бөлінуіне дербес жауапты болады.

6.5.2 «Оқу жүктемесінің көлемі» факультеттің/ЖМ деканымен және АқМЖД директорымен келісіледі.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ	Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор-оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже	СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 12-сі
--	---	--

6.5.3 «Оқытушы-профессорлар құрамының оқу жүктемесінің үлестірілуі» факультеттің/ЖМ деканымен, ЖООКББИ директорымен және АқМЖД директорымен келісіледі.

6.5.4 «Оқу жүктемесінің көлемі» және «Оқытушы-профессорлар құрамының оқу жүктемесінің үлестірілуі» екі дана жасалады және оны Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректоры бекітеді. Біреуі кафедрада сақталады. Екінші данасы АқМЖД-да сақталады.

6.5.5 Ағымдағы жылдың 1-сәуіріндегі контингентті ескере отырып, 1-курсты есептемегендегі келесі оқу жылына арналған кафедралардың оқу жүктемесі мен штатын университет Басқарма төрағасы-ректоры Ғылыми кеңестің шешімі негізінде оқу жылының соңында, ал 1-курсты ескере отырып, жаңа оқу жылының 1-қыркүйегіне дейін бекітеді.

7 Тәуекелдерді басқару

Тәуекел сипаты	Тәуекелдің әсерін сипаттау	Тәуекелді бағалау	Тәуекелді төмендету іс-шаралары	Жауапты	Орындалу мерзімі
Оқылатын пәндер тізбесінің сәйкес келмеуі	1. Бір пәнді тізбесіне бірнеше кафедраларды енгізуі	2-төмен (бұл жағдай көбіне төрт жылда 1 рет болуы мүмкін)	1. Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде даулы пәндерді талқылау және қайта бөлу	Кафедра меңгерушісі	Сәуір
Оқу жүктемесі есебінің нормативтік құжаттарға сәйкес келмеуі	1. Біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі 2. Академиялық топтарда оқитындардың саны сәйкес келмеуі	2-төмен (бұл жағдай көбіне төрт жылда 1 рет болуы мүмкін)	1. Сағат есебі бойынша жауапты тұлғалар үшін оқыту тренингтерін өткізу 2. Деканаттардың академиялық топтарды оңтайландыруы	Кафедра меңгерушісі Факультет / ЖМ деканы, АқМЖД	Мамыр, тамыз
Оқу жүктемесі есебінің ОЖЖ сәйкес келмеуі	1. Пәннің атауы мен сағат санының ОЖЖ сәйкес келмеуі 2. Пәндер сағаттарының саны ОЖЖ сәйкес келмеуі	1-өте төмен (бұл жағдай көбіне 5 жылда 1 рет болуы мүмкін)	1. Тиісті академиялық топтардың ОЖЖ сәйкестігіне оқу жүктемесі көлемінің есебін тексеру	Кафедра меңгерушісі, АқМЖД	Мамыр, тамыз
Оқу жүктемесін үлестірудің сәйкессіздігі	1. Сағаттардың сабақ түрлері бойынша бөлінуінің сәйкессіздігі 2. Дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар), докторлық диссертациялар басшыларының сәйкес келмеуі	4-жоғары (бұл жағдай таяудағы екі жылда болуы мүмкін)	1. ОПК оқу жүктемесінің бөлінуін тексеру 2. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың), магистрлік диссертациялардың (жобалардың), докторлық диссертациялардың жетекшілерін біліктілік талаптарына сәйкес келетін	Кафедра меңгерушісі Факультет/ЖМ деканы, ЖООКББИ директоры	Мамыр, тамыз

<p>Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже</p>	<p>СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 13-сі</p>
--	--	---

			оқытушыларға қайта бөлу		
--	--	--	-------------------------	--	--

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ	Сапа менеджмент жүйесі М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор- оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы ереже	СМЖ ОҚУ Е 7.17-2022 Нұсқа 02 Бет: 14 –тің 14-сі
--	--	--

А қосымшасы
(анықтамалық)

«М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор-оқытушылар құрамының оқу және оқудан тыс педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібі туралы»
ережесінің алгоритмдік сызбасы

Алгоритм	Процестің кезеңдері	Жауапты	Кіріс мәліметтері	Шығыс мәліметтері	Тұтынушылар
	1. Оқылатын пәндер тізбесін жасау	Кафедра меңгерушісі	ОЖ, бітіруші кафедраларды келісімі	Оқылатын пәндер тізімі	Ішкі
	2. Оқылатын пәндердің тізімі ОЖЖ-ға сәйкес келеді ма?	Кафедра меңгерушісі, АкМЖД	ОЖЖ	Оқылатын пәндер тізімі	Ішкі
	3. Оқылатын пәндер тізбесін келісу және бекіту	Кафедра меңгерушісі	Кафедра мәжілісінің хаттамасы	Оқылатын пәндер тізімін акад. мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректорымен бекіту	Ішкі
	4. Оқу жүктемесінің есебі	Кафедра меңгерушісі	ОЖЖ, білім алушылар контингенті	Оқу жүктемесінің көлемі	Ішкі
	5. ОЖЖ оқу жүктемесін есебіндегі пәндер мен сағат саны сәйкес келе ме?	Кафедра меңгерушісі, АкМЖД	РУП, білім алушылар контингенті	Оқу жүктемесінің көлемі	Ішкі
	6. Оқу жүктемесінің есебін бекіту	Кафедра меңгерушісі	Оқу жүктемесін есебі	Оқу жүктемесінің есебін акад. мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректорымен бекіту	Ішкі
	7. Ғылыми кеңесте кафедралардың оқу жүктемесі мен штатын бекіту	АкМЖД	Оқу жүктемесін есебі	Кафедралардың бекітілген оқу жүктемесі және штаттары	Ішкі
	8. ОПҚ оқу жүктемесін үлестіру	Кафедра меңгерушісі	Оқу жүктемесін есебі, кафедраның штаттық кестесі	ОПҚ дербес оқу жүктемесі	Ішкі
	9. Оқу жүктемесінің үлестірілуі талаптарға сәйкес келеді ма?	Кафедра меңгерушісі, декан, ЖООКББИ директоры	Біліктілік талаптары, МЖМБС, оқу жүктемесін үлестірілуі	ОПҚ дербес оқу жүктемесі	Ішкі

